



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 1 - 11

## Қызылорда медициналық жоғары колледж

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу әдістемелік бөлім отырысында

Хаттама № 4

«09» 02 2026ж

«БЕКТЕМІН»  
Қызылорда медициналық  
жоғары колледжіннің директоры  
Ж.А. Қалмақова  
«09» 02 2026ж

## ОҚЫТУШЫ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ РЕЙТИНГІСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"


СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 2 - 11

## АЛҒЫ СӨЗ

<b>1.Әзірлеуші</b>	Директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Л.Т Байғабылова және колледж әдіскері А.Ә Сейлханова	КОЛЫ	02.09.2025
<b>2.Тексеру жиілігі</b>	5 жыл		
<b>3.Орнына енгізілді</b>			
<b>4.Таратылды</b>	Директордың орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне, бірлестік жетекшілеріне, пән оқытушыларына, колледж заңгеріне, топ жетекшілеріне, штаттан тыс оқытушыларға		
<b>5.Бекітіліп, қолданысқа енгізілді</b>	Оқу-әдістемелік бөлім отырысында Хаттама № 1		2025 ж
<b>6. Келісі</b>	Колледж директоры Ж.А Калмакова	_____	02.09.2025
	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Е Абдиканиева	_____	02.09.2025
	Директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары А.А Сейтова		02.09.2025
	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т Молдраймова	_____	02.09.2025



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 3 - 11

### МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер .....	4
2. Рейтинг жүйесімен бағалаудың негізгі міндеттері .....	4
3. ПӘБ оқытушылары қызметін рейтингтік бағалау қорытындысын шығару .....	5
4. Рейтинг жүргізуге қажетті құжаттар тізбесі және жазбалар .....	6
5. Рейтинг критерийлері .....	6
5.1. Оқытушының оқыту қызметі .....	6
5.1.1. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және жетілдіру .....	6
5.1.2. College.snation.kz порталындағы жұмыс .....	7
5.1.3. Тәрбие жұмыстары .....	7
5.2. Білім алушыларды дамыту қызметі .....	8-11
6. Оқытушылар рейтингісін бағалау нәтижелері бойынша педагогтерді ынталандыру .....	11-12
7. Қосымшалар .....	13-14



## 1. Жалпы ереже

- 1.1 Оқытушылардың педагогикалық қызметі жетістігін рейтинг жүйесімен (әрі қарай – рейтинг) бағалаудың **мақсаты** - оқу процесін жетілдіру негізінде мамандар даярлау сапасын жақсарту.
- 1.2 Рейтинг жүргізу колледждегі оқу процесінің денсаулық сақтау саласындағы үздіксіз кәсіби білім беру аясында оқытуды заманауи ұйымдастыру түрлері мен әдістерінің іске асырылуын жетілдіретін құрамдас бір бөлігі болып табылады.
- 1.3 Рейтинг жүргізу қызметін іске асыруда төмендегі **нормативтік құжаттар** негізге алынады:  
ҚР 2007ж. 27 шілдедегі №309 «Білім туралы» Заңы;  
ҚР 2019ж. 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Педагог мәртебесі туралы Заңы;  
Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы ҚР БҒМ 2020ж. 11 мамырдағы № 190 бұйрығы.  
Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

### 2 Рейтинг жүйесімен бағалаудың негізгі міндеттері:

- Пәндік әдістемелік бірлестіктер мен колледж оқытушыларының педагогикалық және ғылыми-ізденіс, тәрбие жұмыстарының ағымдағы жағдайы мен деңгейін анықтау;
  - Пәндік әдістемелік бірлестіктер және оқытушылардың жұмыс жоспарларын жетілдіру;
  - Пәндік әдістемелік бірлестіктердің және колледждің рейтингісін жоғарылату жұмыстарының аясын кеңейту;
  - Пәндік әдістемелік бірлестіктер және оқытушылардың жұмысының ақпараттық базасын қалыптастыру;
  - рейтинг нәтижесімен анықталған кемшіліктерді қалпына келтіру және алдын алу жұмыстарын жоспарлау және іске асыру.
- 3. ПӘБ оқытушылары қызметін рейтингтік бағалау қорытындысын шығару**  
ПӘБ-ң қорытынды рейтингісін сол ЦӘБ-ң оқытушыларының рейтингтік ұпайларының қосындысымен анықтайды.  
ПӘБ оқытушылары қызметін рейтингтік бағалау колледждің барлық штаттық оқытушылар арасында жүргізіледі.
- Оқытушылар рейтингтік бағалауға толық қатысуға міндетті.  
Рейтинг кестелерін есеп беру оқу жылының қорытындысы бойынша оқытушының өзі толтырады.  
Рейтинг материалдарының жиынтығы әр семестр соңында ПӘБ-те қаралып сарапталады және мәліметтері расталады. Растайтын құжаттар сайтқа немесе портфолиоға салынып, сілтемелері кестегі енгізіледі.



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 5 - 11

Толтырылғын оқытушылар рейтингісінің бағалау кестелерін ПӘБ жетекшісі және оқытушылар қолын қойып қосымша материалдарының сілтемесімен бірге 10 маусымға дейін оқу-әдістемелік бөлімге тапсырады.

15 маусымға дейін ішкі эксперттік комиссия құрылып, қарауға берілген кестелер мен қосымша материалдарды қарап, талқылау үшін кеңес отырысын өткізеді.

Ішкі эксперттік комиссия құрамы директор бұйрығымен тағайындалады.

Эксперттік комиссия отырысының нәтижесі бойынша хаттама толтырылады және нәтижелер көрсеткішінің кестесі жасалады.

Нәтижелер көрсеткішінің кестесі колледж оқытушыларына жарияланады және колледж сайтына жүктеледі.

Оқытушылардың жетістігі және орындарды тағайындау, марапаттау оқу жылының соңғы әдістемелік немесе педагогикалық кеңестер мәжілістерінде жүргізіледі

#### 4. Рейтинг жүргізуге қажетті құжаттар тізбесі және жазбалар

Оқытушының педагогикалық қызметі жетістігі рейтингісінің критерийлері;

колледж директорымен бекітілген талдау тобының құрамы;

әр оқытушыға арналған критерийлер кестесі (электрондық нұсқасы ЦӘБ жетекшісіне таратылады);

Оқытушының кәсіби жетістігін анықтайтын анкеталардың үлгілері (электрондық нұсқасы ЦӘБ жетекшісіне таратылады);

рейтинг критерийлерінде көрсетілген мәліметтердің шынайылығын растайтын құжаттар немесе сайттағы сілтемелері;

өзара сабаққа қатысу журналы

әзірленген оқулықтар, оқу құралдары, дидактикалық әдістемелік құрал, сыныптар тыс жұмыстардың материалдары мен хаттамалары, ашық сабақтардың талдамалары, іс тәжірибесін тарату материалдары, жалпы басылымдар.

#### 5. Рейтинг критерийлері

Рейтинг оқытушының қызметін саралауда атқаратын қызметінің жүктемесіне қарай төрт бөлімнен тұрады. Олар:

1. Оқытушының оқыту қызметі;

2. Оқытушының білім алушыларды дамыту қызметі;

3. Оқытушының кәсіби даму жұмысы;

4. Оқытушының Іс-тәжірибе дамыту, тарату жұмысы.

**5.1. Оқыту қызметіне** жалпы – 100 ұпай берілген. Оқыту қызметін оқытушының іс-әрекетіне қарай: оқыту, тәрбиелеу, қолдау деп үшке бөлінді. Бағалау индикаторлары төмендегідей белгіленді.

Жеке тоқталатын болсақ.

**5.1.1 Оқытушының оқыту қызметіне** ОӘК (ЖОБ, сабақ жоспарын, бағалау өлшем құралдары) әзірлеу, жетілдіру. Қатаң есептегі құжаттарды және смартнейшіндегі

жұмысты сауатты және уақтылы жүргізу барлығы **60 ұпай** беріледі, оның ішінде:

**5.1.1.1. Оқу әдістемелік кешен** дайындығына **-40 ұпай** беріледі, оның ішінде:

- **Жұмыс оқу бағдарламасын** өзі әзірлеген болса (ЖОБ қарау арқылы расталады) – 15 ұпай беріледі. Бірнеше ЖОБ әзірлеген болса да тек бір рет бағаланады. Сабақ беретін кейбір пәндерінен әзірленген ЖОБ өзі әзірлемей, бірақ өзі кемінде 1 ЖОБ әзірлеген жағдайда 15 ұпай беріледі. Оқытушы мүлдем ЖОБ әзірлемеген бірақ оқытушы дайын ЖОБ-сын қолданып, қолында бекітілген нұсқасы болса – 8 ұпай беріледі, Егер ЖОБ әзірлеген оқытушы оны уақытында бекітуге ұсынбаған жағдайда және колледжішілік бақылау комиссиясының тексеру нәтижесінде сабақ үстінде ЖОБ болмаған жағдайда «мүлдем әзірлемеген» болып есептеледі де 5 ұпай шегеріледі.



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 6 - 11

- Сабақ жоспарын өзі әзірлеген және ЖОБ бойынша толық, күннің реті қойылып, бекітілген болса – 15 ұпай, басқа оқытушылардың әзірлеген дайын сабақ жоспарын қолданса және ЖОБ бойынша түгел, күннің реті қойылып, бекітілген болса – 8 ұпай беріледі. Колледжішілік бақылау комиссиясының тексеру нәтижесінде сабақ үстінде сабақ жоспары болмаған жағдайда – 5 ұпай шегеріледі
  - Бағалау өлшем құралдары \_\_\_\_\_ берілген үлгідегі пәннің қамтамасыз етілу парағына сәйкес, толық болса – 10 ұпай, жетілдіру қажет ететін болса – 5 ұпай беріледі. Ал, егер бұл материалдар болмаған жағдайда немесе уақытында ұсынылмаса – 3 ұпай шегеріледі.
  - 1.1.2. College.snation.kz порталындағы жұмысы үшін – 20 ұпай беріледі, оның ішінде:
    - Сабақ жоспары, материалдары толық уақытында толтырған болса – 10 ұпай, ал егер электрондық журналға сабақ жоспарын, материалдарды уақытында салмаған жағдайда – 10 ұпай шегеріледі
    - Электрондық журналда баға қоры жеткілікті болса – 10 ұпай беріледі. Ал, егер баға қоры аз немесе жоқ болса – 10 шегеріледі.
  - 1.2 Тәрбиелеу жұмыстары бойынша: пән бойынша үйірме және басқа да сыныптан тыс жұмыстарын жүргізіп растайтын құжаттарын ұсына алса – 15 ұпай қарастырылған.
    - 1.2.1. Оқытушының үйірме жұмысын жүргізуін бағалауға жалпы – 15 ұпай беріледі. Оның ішінде:
      - Үйірме жоспарында жоспарлан жұмыстар мерзімінде, толық орындалса – 10 ұпай, жоспарға сәйкес барлық жұмыстар жасалынбай, дегенімен басым бөлігі орындалса – 5 ұпай беріледі. Ал, егер үйірме жоспары бойынша ешқандай жұмыстар жүргізілмесе – 3 ұпай шегеріледі.
      - Үйірме қатысушыларының үйірмедегі жұмыстарын байқауға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысқан болса – 3 ұпай, соның нәтижесінде жүлделі орын алса қатысканы үшін алған 3 ұпайына тағы 2 ұпай қосылады. *Ескерту: дәлелді көздер болуы шарт және қатысу мен орын алу ұпайлары қосылады! ПӘБ жетекшісі бұл пунктін орындамайды. Ол осы пунктін төменінде орналасқан пунктін толтырады.*
      - ПӘБ жоспарында жоспарлан жұмыстар мерзімінде, толық орындалса – 15 ұпай, жоспарға сәйкес барлық жұмыстар жасалынбай, дегенімен басым бөлігі орындалса – 8 ұпай беріледі. Ал, егер ПӘБ жоспары бойынша ешқандай жұмыстар жүргізілмесе – 5 ұпай шегеріледі. *Ескерту: бұл пунктін ПӘБ жетекшісінен басқа оқытушы толтырмайды!*
    - 1.2.2. Оқытушының пәні бойынша үйірме жұмысынан тыс (олимпиада, байқау, конференция т.б.) немесе тәрбие бағатында өткізілген сыныптан тыс іс шарасы үшін – 10 ұпай беріледі егер
      - Колледжішілік өткізген іс-шарасының жоспары мен хаттамасының болса – 5 ұпай;
      - Облыстық, республикалық т.б. деңгейде өткізген іс-шарасының іс-шарасының жоспары мен хаттамасының болса – 10 ұпай беріледі.
  - 1.2 Оқытушының сабақ барысында үлгерімі төмен, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға жасалатын қолдау қызметіне жалпы – 10 ұпай беріледі егер
    - Сабақ жоспарында үлгерімі төмен білім алушыға арналған тапсырма болса оны сабақ барысында қолдану нәтижесінде динамикадағы оң өзгерістер болса – 10 ұпай;
    - Сабақ жоспарында үлгерімі төмен білім алушыға арналған тапсырма болса, бірақ оны сабақ барысында қолданбаса – 5 ұпай беріледі;
    - Сабақ жоспарында үлгерімі төмен білім алушыға арналған тапсырманың болмаса – 3 ұпай шегеріледі.
- Жалпы «Оқыту қызметі» бөлімі бойынша бойынша индикатор:**
- Жасыл деңгей – 70-100
  - Сары деңгей – -50-69
  - Қызыл деңгей – 0-49
2. Білім алушыларды дамыту жұмыстары үшін максималды 130 ұпай беріледі.



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 7 - 11

Оның ішінде оқытушының білім алушыны пәндік олимпиадаға қатыстырғаны үшін санына қарамастан – 40 ұпай, кәсіби байқауларға қатыстырғаны үшін санына қарамастан – 45 ұпай, ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстырғаны үшін санына қарамастан – 45 ұпай беріледі.

- Пәндік олимпиадада білім алушыларды тек қатыстырғаны үшін бала санына қарамастан – 16 ұпай, осы ұпайға оффлайн қатысқаны үшін болса 6 ұпай, I орын немесе бас жүлде алса – 8 ұпай, II орын үшін 6 ұпай, III орын үшін 4 ұпайдан қосылады. *Ескерту: дәлелді көздер болуы шарт және қатысу мен орын алу ұпайлары қосылады! Әр пункт бойынша қатысушы саны нешеу болса бір рет қана есептеледі. Осы аталған критерийлер бойынша бірнеше адам қатыстырылып бас жүлде және I орын, II, III орындар да бар болатын болса берілген ұпайларды тек бір рет қоюға болады.*

- Кәсіби байқауларға білім алушыларды тек қатыстырғаны үшін бала санына қарамастан – 17 ұпай, осы ұпайға оффлайн қатысқаны үшін 8 ұпай, I орын немесе бас жүлде алса – 10 ұпай, II орын үшін 6 ұпай, III орын үшін 4 ұпайдан қосылады. *Ескерту: дәлелді көздер болуы шарт және қатысу мен орын алу ұпайлары қосылады! Әр пункт бойынша қатысушы саны нешеу болса бір рет қана есептеледі. Осы аталған критерийлер бойынша бірнеше адам қатыстырылып бас жүлде және I орын, II, III орындар да бар болатын болса берілген ұпайларды тек бір рет қоюға болады.*

- Ғылыми-практикалық конференцияларға білім алушыларды тек қатыстырғаны үшін бала санына қарамастан – 17 ұпай, осы ұпайға оффлайн қатысқаны үшін 8 ұпай, I орын немесе бас жүлде алса – 10 ұпай, II орын үшін 6 ұпай, III орын үшін 4 ұпайдан қосылады. *Ескерту: дәлелді көздер болуы шарт және қатысу мен орын алу ұпайлары қосылады! Әр пункт бойынша қатысушы саны нешеу болса бір рет қана есептеледі. Осы аталған критерийлер бойынша бірнеше адам қатыстырылып бас жүлде және I орын, II, III орындар да бар болатын болса берілген ұпайларды тек бір рет қоюға болады.*

**Жалпы «Білім алушыларды дамыту» бөлімі бойынша индикатор:**

**Жасыл деңгей – 70 және одан көп**

**Сары деңгей – -50-69**

**Қызыл деңгей – 0-49**

3. Оқытушының **кәсіби дамуы** үшін жасалған жұмыстарына барлығы – 127 ұпай беріледі. Бұл бөлімде оқытушының білім жетілдіру курстары 10 ұпай, өзара сабаққа қатысу жұмыстары – 10 ұпай, шығармашылық жетістіктері (пән оқытушысы ретіндегі сайыс, олимпиада, ғылыми-практикалық конференциялар)-87 ұпай және кәсіби қоғамдастықтағы іс-әрекеті (түрлі деңгейдегі іс-шараларға ұйымдастырушы немесе мүшесі ретінде қатысу) 20 ұпаймен бағаланады.

3.1. Оқытушының әдістемелік және өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өткен жағдайда – 10 ұпай беріледі;

- Оқытушылардың өзара сабаққа қатысу жұмысын растайтын құжаты және фотоесебі портфолиосында берілсе 10 ұпай беріледі. Әр оқытушы әр семестрде 5 реттен кем емес қатысуы міндетті. Ал, егер оқытушы басқа оқытушының сабағына қатысып, сараптама жүргізбесе 3 ұпай шегеріледі.

3.2. Оқытушының шығармашылық жетістіктеріне жалпы – 60 ұпай беріледі. Оның ішінде

- Пәндік олимпиадада пән оқытушысы ретінде қатысқан олимпиада санына қарамастан – 10 ұпай, осы ұпайға оффлайн қатысқаны үшін болса 4 ұпай, I орын немесе бас жүлде алса – 6 ұпай, II орын үшін 5 ұпай, III орын үшін 4 ұпайдан қосылады. *Ескерту: дәлелді көздер болуы шарт және қатысу мен орын алу ұпайлары қосылады! Әр пункт бойынша қатысушы саны нешеу болса бір рет қана есептеледі.*



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 8 - 11

*Осы аталған критерийлер бойынша бірнеше адам қатыстырылып бас жүлде және I орын, II, III орындар да бар болатын болса берілген ұпайларды тек бір рет қоюға болады.*

- **Кәсіби байқауларға** пән оқытушысы ретінде қатысқан байқау санына қарамастан – 10 ұпай, осы ұпайға оффлайн қатысқаны үшін болса 4 ұпай, I орын немесе бас жүлде алса – 6 ұпай, II орын үшін 5 ұпай, III орын үшін 4 ұпайдан қосылады. *Ескерту: дәлелді көздер болуы шарт және қатысу мен орын алу ұпайлары қосылады! Әр пункт бойынша қатысушы саны нешеу болса бір рет қана есептеледі. Осы аталған критерийлер бойынша бірнеше адам қатыстырылып бас жүлде және I орын, II, III орындар да бар болатын болса берілген ұпайларды тек бір рет қоюға болады.*

- **Ғылыми-практикалық конференцияларға** пән оқытушысы ретінде қатысқан ГПР санына қарамастан – 10 ұпай, осы ұпайға оффлайн қатысқаны үшін болса 4 ұпай, I орын немесе бас жүлде алса – 6 ұпай, II орын үшін 5 ұпай, III орын үшін 4 ұпайдан қосылады. *Ескерту: дәлелді көздер болуы шарт және қатысу мен орын алу ұпайлары қосылады! Әр пункт бойынша қатысушы саны нешеу болса бір рет қана есептеледі. Осы аталған критерийлер бойынша бірнеше адам қатыстырылып бас жүлде және I орын, II, III орындар да бар болатын болса берілген ұпайларды тек бір рет қоюға болады.*

3.3 Оқытушының кәсіби қоғамдастықтағы іс-әрекеті (түрлі деңгейдегі іс-шараларға ұйымдастырушы немесе мүшесі ретінде қатысу) 20 ұпай

- Оқытушы колледжішілік, қалалық деңгейде ұйымдастырған қоғамдық іс-шараларға үздіксіз келіп жүрсе - 5 ұпай беріледі; Мүлдем келмесе 5 ұпай шегеріледі.
- Оқытушы колледжде оқытушылар арасында ұйымдастырылатын меркелік т.б. іс-шараларға үнемі атсалысса 5 ұпай беріледі. Ал, егер мүлдем қатыспаса 5 ұпай шегеріледі
- Оқытушының ПӘБ мүшесі ретінде ПӘБ отырысына қатысуы 5 ұпай және ПӘБ жүктелген іс шараға қатысу 5 ұпай беріледі. Қатыспаған жағдайда ұпай берілмейді.

**Жалпы «Кәсіби даму» бөлімі бойынша индикатор:**

**Жасыл деңгей – 70 және одан көп**

**Сары деңгей – -50-69**

**Қызыл деңгей – 0-49**

4. Оқытушының іс-тәжірибе дамыту, тарату жұмыстарына жалпы 100 ұпай беріледі. Оның ішінде:
  - 4.1. Оқу жылына жоспарлаған ашық сабағын, уақытында өткізсе – 14 ұпай, ағылшын тілінде өтсе оған 6 ұпай қосылады. Егер, өткізбесе 5 ұпай шегеріледі.
  - 4.2. Сабақ беретін пәні бойынша видеосабақ әзірлеп әдістемелік кеңеспен бекітсе 3 ұпай, егер бекітпесе 1 ұпай шегеріледі. Ал егер, ол видеосабағы youtube каналдары т.б. әлеуметтік желілерге жүктеліп таратылса 7 ұпай 3 ұпайға қосылады.
  - 4.3. Оқытушының мақалаларын, ғылыми жобаларын, сабақ жоспарларын т.б. жұмыстарын БАҚ беттеріне жарияласа 7 ұпай, ал ГПК жинақтарына жарияланса 8 ұпай беріледі.
  - 4.4. Оқытушының оқу жылында әзірлеген оқулығын және оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеп әдістемелік немесе педагогикалық кеңеспен бекіткен ISBN алып, баспадан шығарылған жағдайда 20 ұпай беріледі.
  - 4.5. Оқытушы жас маманға тәлімгерлікті тек қағаз жүзінде жасап, іс жүзінде жұмыс жасалмаса ұпай берілмейді (Жас маманмен және жас маман мектебінің ұйымдастырушысымен сөйлесу арқылы анықталады). Ал егер тәлімгер папкасындағы жоспары бойынша оқу жылының басынан үздіксіз бекітілген жас маманмен жұмыс жасалса 10 ұпай беріледі.
  - 4.6. Оқытушы озат тәжірибе мектебінде тек қатысушы болса 5 ұпай беріледі, ал егер ОТМ Семинар, шебер-сынып, педагогикалық оқу секілді іс-шара өткізсе тағы 10 ұпай қосылады.



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 9 - 11

Ескерту педагогикалық жұмыс өтілі 1 жылға дейінгі оқытушылар «Жас маманға тәлімгерлік жасау» және «Озат тәжірибе мектебіндегі жұмысы» пунктін толтырмайды. Жас мамандар 4.5 және 4.6 пунктін орнына 4.7 пунктін толтырады.

4.7. Оқытушының жас маман мектебінде тек қатысушы болса 12 ұпай, егер тапсырмаларды үздіксіз орындаса оған 13 ұпай қосылады(портфолиосы және тәлімгер папкасымен расталады). Ал, егер тапсырмаларды сирек орындаса қатысқаны үшін берілген ұпайға қоса 1 ұпай беріледі. Жас маман мектебінің тізімінде бола тұра мектеп іс-шараларына қатыспаса 5 ұпай шегеріледі.

4.8. Оқытушы педагогикалық оқулар, семинар-тренингтер т.б. іс-шараларға колледжішілік деңгейде қатысса 4 ұпай, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде қатысса 6 ұпай беріледі.

**Жалпы «Іс-тәжірибе дамыту, тарату» бөлімі бойынша индикатор:**

**Жасыл деңгей – 70 -100**

**Сары деңгей – -50-69**

**Қызыл деңгей – 0-49**

Берілген мәліметтердің барлығы гугл-портфолиомен немесе сайт арқылы расталған жағдайда ғана есептеледі.

**6. Оқытушылар рейтингісін бағалау нәтижелері бойынша педагогтарды ынталандыру**

**Рейтинг нәтижелері:**

- жылдың қорытындысы бойынша сыйақыны бөлгенде және төлегенде;
- келер оқу жылына оқу жүктемесін бөлгенде;
- мемлекеттік, салалық марапаттар мен колледж наградаларын ұсыну туралы шешім қабылдағанда ескеріледі.

**Оқытушы жетістігінің бағалануы және жариялау, марапаттау.**

**Бағалану:**

Әр бөлімге 100 ұпайдан бөлінген және қойылған балдар №125 бұйрықтағы оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша есептелді. Оқытушы әр бөлім бойынша жеке бағаланады. Яғни, әр бөлім бойынша индикатордың қай шегіне жеткенін көруге болады:

Жасыл				Сары				Қызыл			
жасыл	жасыл	жасыл	жасыл	Сары	сары	сары	сары	Қызыл	Қызыл	Қызыл	Қызыл
жасыл	жасыл	жасыл	сары	Сары	Сары	Сары	жасыл	Жасыл	Жасыл	Қызыл	Қызыл
жасыл	жасыл	сары	сары	жасыл	жасыл	сары	қызыл	Сары	Сары	Қызыл	Қызыл
				Жасыл	Жасыл	Жасыл	қызыл	Сары	Сары	Сары	Қызыл
								Жасыл	Сары	Қызыл	Қызыл

Берілген кесте бойынша жасыл деңгейдегі оқытушылар тізімі саралау бойынша белгіленеді. Осы оқытушылардың ішіндегі ең жоғары ұпай жинаған 3 оқытушы I, II, III орын тағайындайды.

Сары деңгей мен қызыл деңгейде орналасқан оқытушылар да кесте бойынша анықталып келесі оқу жылындағы даму жоспарын әзірлеп жұмыс жасау тапсырылады.





